



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 010 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 7 мамыр

Қаржы рыногындағы ахуал туралы

1. Инфляция. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша инфляция 2003 жылғы сәуірде 0,4% (2002 жылғы сәуірде - 0,5%) болды. Азық-түлік тауарлары 0,4%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар - 0,1%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету - 0,7%-ке қымбаттады.

Сәуірде азық-түлік тауарлары құрылымында баға көкөніс пен жемістерге - 5,2%-ке біршама көтерілді, жармалар - 2,6%-ке, балық - 0,7%-ке, ұн - 0,3%-ке, қант - 0,2%-ке қымбаттады. Май және мал майы 0,4%-ке, сүт тағамдары - 2,6%-ке, жұмыртқа - 3,7%-ке арзандады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардан киім 0,5%-ке, аяқ киім мен үй-іші тұрмысындағы заттар - 0,4%-ке, маталар - 0,3%-ке, аудиовизуалдық жабдық пен баспа басылымдары - 0,2 %-ке қымбаттады. Жанармай 2,7%-ке арзандады.

Ақылы қызмет көрсету тарифтерінің өсуі тұрғын үй-коммуналдық саладағы қызмет көрсетулердің - 0,9%-ке қымбаттауына байланысты болды. Байланыс мекемелерінің қызмет көрсетулері үшін ақы өткен аймен салыстырғанда 0,9%-ке өсті, денсаулық сақтау - 0,5%-ке, білім беру және мәдениет - 0,2%-ке көтерілді.

2003 жылдың басынан бастап инфляцияның деңгейі 2,1%-ті құрады, сонымен бірге азық-түлік тауарларына баға 2,8%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарларға - 1,2%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету - 1,7%-ке өсті.

2003 жылғы сәуірде инфляция жылдық көрсетуде 7,0% болды (2003 жылғы наурызда - 7,2%).

2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.

2003 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен 3,7%-ке өсіп, 4066,4 млн. долларға жетті (жыл басынан бері өсу 29,6%). Ұлттық Банктің ішкі валюта рыногынан валюта сатып алуы, сондай-ақ валютаның Қаржы министрлігінің шоттарына түсуі таза валюта қорларының 143,1 млн. долларға өсіп, 3496,1 млн. долларға дейін толығына ықпалын тигізді. Алтынмен активтер Ұлттық Банкте жүргізілген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 0,2 %-ке көбеюі нәтижесінде 2,3 млн. долларға өсіп, 570,3 млн. долларға жетті.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша - 2218,6 млн. долл.), сәуірде 6,2%-ке өсті және 6287,7 млн. долл. болды (жыл басынан бері өсу 24,3%)

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2003 жылғы сәуірде ақша базасының 4,1%-ке көбейіп, 214,5 млрд. теңгеге жетуіне себеп болды (жыл басынан бері 3%-ке көбейді).

3. Қаржы рыногы.

Валюта рыногы. 2003 жылғы сәуірде теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 151,55-152,38 теңге шегінде ауытқыды. Бір ай ішінде теңге 0,22%-ке (2002 жылғы сәуірде – 0,36%-ке құнсызданды) нығайды және айдың соңында биржалық бағам бір доллар үшін 151,76 теңге болды.

Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 2,62% болды. Сәуірдің аяғында ресми бағам бір долларға 151,75 теңге деңгейінде белгіленді.

Сәуірде биржалық операциялар көлемі қосалқы сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса есептегенде наурызбен салыстырғанда 11,9%-ке өсті және 397,2 млн. долл. құрады (2002 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 2 есеге жуық өсті). Жыл басынан бері биржалық операциялар көлемі 1664,4 млн.долл. болды.

Биржадан тыс валюта рыногында наурыздағы көрсеткішпен салыстырғанда операциялар көлемі 12%-ке өсті және жедел деректер бойынша 459,0 млн. долл. болды. 2002 жылғы сәуірмен салыстырғанда операциялар көлемі 7,3%-ке көбейді. Жыл басынан бері банкаралық валюта рыногындағы операциялар көлемі жедел деректер бойынша 1745,3 млн.долл. болды.

Бағалы қағаздар рыногы. 2003 жылғы сәуірде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 959,2 млн. теңге сомасына бұрынғы аукционмен (04.03.02ж.) салыстырғанда олар бойынша кірістілігі 5,6%-тен 5,1%-ке төмендеген қысқа мерзімді 6 айлық МЕККАМ-ды орналастырды. Сыйақы төлеуді қоса алғанда, Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын өтеу 2003 жылғы сәуірде 2,3 млрд. теңге болды. Нәтижесінде Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздар көлемі 0,6%-ке төмендеп, 104,2 млрд. теңгеге жетті.

Ұлттық Банк ноттарының эмиссия көлемі сәуірде наурызбен салыстырғанда олар бойынша кірістіліктің 5,9%-тен 5,7%-ке төмендеуі кезінде 0,8%-ке төмендеп, 42,9 млрд. теңгеге жетті. Нәтижесінде айналыстағы ноттардың көлемі 6,7%-ке азайып, 114,8 млрд. теңге болды.

2003 жылғы сәуірде Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі өткен аймен салыстырғанда 52,8 млрд. теңгені құрап, 52,1%-ке көбейді. Кері репо операциясы жүргізілген жоқ.

Корпоративтік бағалы қағаздар рыногында 2003 жылдың 1 мамырында қолданылып жүрген акция эмиссиялары бар 3110 акционерлік қоғам тіркелді.

2003 жылғы сәуірде нақты құны 3052,5 млн. теңге 8 акциялар эмиссиясы және жалпы нақты құны 1413 млн. теңге 1 мемлекеттік емес облигацияның эмиссиясы тіркелді. 2003 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша айналыста жиынтық нақты құны 1 207 млрд. теңге 3612 қолданылып жүрген акция эмиссиясы және жиынтық құны 93,6 млрд. теңге мемлекеттік емес облигациялардың 46 қолданылып жүрген эмиссиясы болды.

2003 жылғы наурызда акциялар және мемлекеттік емес облигациялар бойынша биржалық сатып алу-сату мәмілелерінің көлемі 6108 млн. теңге болды, бұл өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1,4 есе көп.

2003 жылғы 1 мамырда бағалы қағаздар рыногында 53 брокер-дилер, 20 тіркеуші, 10 кастодиан банк, 2 өзін өзі басқаратын ұйым және 6 бағалы қағаздар портфелін басқаратын ұйым жұмыс істеді.

4. Банк секторы

2003 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 38 банк жұмыс істеді, оның ішінде, мемлекеттік - 2, шетел қатысуымен (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктерін қоса алғанда) - 17.

2003 жылғы наурызда банк секторындағы ахуал тұрақты болып отыр және оның нығаю үрдісі жалғаса түсті. Жиынтық меншік капитал бір айда 4,7%-ке 168,9 млрд. теңге

дейін (1,1 млрд. долл.) өсті. Банктердің жиынтық активтері 2,9%-ке 1,2 трлн. теңгеге дейін (7,9 млрд. долл.) ұлғайды.

2003 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттер үлесі 71,1%, күмәндылары - 27,3% және үмітсіздері - 1,6% болды.

2003 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк секторының ағымдағы өтімділігінің жиынтық коэффициенті 0,97 болды (норма бойынша 0,3-тен кем емес). Қысқа мерзімді өтімділіктің коэффициенті (ең аз көлемі - 0,4) 0,92 болды.

2003 жылғы 1 тоқсанда банк секторының жиынтық пайдасы 6,3 млрд. теңгеге жуық болды.

5. Сақтандыру рыногы. 2003 жылғы 1 сәуірде 33 сақтандыру ұйымының, оның ішінде 3 шетел қатысуымен және 1 өмірді сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиялары болды.

2003 жылғы наурызда Қазақстан Республикасының сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 2,4% ұлғайды (былтырғы жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 48,8% өсті) және 22,3 млрд.теңге болды, сақтандыру резервтері 5,3% ұлғайып (51,8%), 11,4 млрд. теңге болды. Жиынтық меншік капиталы 6,9 млрд. теңге болып, 0,5% (15,5%) ұлғайды.

2002 жылғы наурызда сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 66,5% (81,4%) ұлғайып, 6,8 млрд. теңге болды, ал сақтандыру төлемдерінің көлемі 77,1% (2,4 есе) болып, 1,0 млрд. теңгеге жетті.

6. МЖЗҚ қызметінің мәселесі бойынша. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі «Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ-ын қайта ұйымдастыру және тарату туралы қаулының жобасын әзірлепті, соған байланысты кейінгі уақытта МЖЗҚ-ның салымшылары болып табылатын азаматтар өздерінің жинақталған зейнетақы қаражатын 01.10.2003 ж. дейін мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуы қажет сияқты деген жекелеген бұқаралық ақпарат құралдарына азаматтардан сұрату түсті.

Ұлттық Банк мұндай ақпараттың мүлдем жалған екенін мәлімдейді.

Үкіметтің де, Ұлттық Банктің де МЖЗҚ-ны таратуға қатысты ешуақытта ешқандай жоспары болмаған және жоқ.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар оның шарт жасамайтын қор ретіндегі ерекше мәртебесінің күшін жояды және МЖЗҚ мен мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларының құқықтарын теңестіреді. Сонымен, азаматтардың МЖЗҚ-дағы өздерінің жинақталған зейнетақы қаражатының сақталуына қатысты алаңдауына негіз жоқ.